

17 ақпан 2022 жыл.

## АДВОКАТТЫҚ ЖӘНЕ НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ НАСИХАТТАУ АЯСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының 2022 жылғы 26 қаңтардағы тапсырмасымен құқықтық тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде адвокаттық және нотариаттық қызметтерін насихаттау мақсатында, 2022 жылғы 16 ақпанда Атырау облысының Әділет департаменті ұйымдастыруымен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық факультетінің Қылмыстық құқықтық пәндер және Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы мен 6В04202 –«Құқық қорғау қызметі» және 6В030100-«Құқықтану» білім бағдарламаларының 3 курс студенттерімен кездесу ұйымдастырылды.

Аталған кездесуге Атырау облысы адвокаттар алқасының төрайымы Омарова Айсұлу Қайырқызы, Атырау облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы, Абилхайров Сағындық Уалитович, Атырау облысы Әділет департаментінің құқықты түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы Елубаева Нұргүл Мағжанқызы қатысты.

Кездесу барысында студенттерге Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша адвокат және нотариус мамандықтарының мәртебесі және қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан құқықтық реформалары төңірегінде сөз қозғалып, елеулі мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, кафедраның профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері келген қонақтарға кездесу тақырыбына байланысты сұрақтар қойып, тиісті жауаптарын алды. Кездесу соңында келген қонақтарға факультет атынан Экономика және құқық факультетінің Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Р. Н. Шайхаденов және Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к. Ү.Х. Идресова алғыстарын білдірді.

